



TWMS 2017

VI Congress of the Turkic
World Mathematical Society
Astana – Kazakhstan
October 2–5, 2017

ТҮРКІТІЛДЕС ЕЛДЕРДІҢ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК МАТЕМАТИКАЛЫҚ ҚОҒАМЫНЫҢ VI КОНГРЕСІНІҢ (TWMS 2017) БІРІНШІ АҚПАРАТТЫҚ ХАТЫ

Құрметті әріптестер!

2017 жылдың 2-5 қазанында Астана қаласында, Түркітілдес елдердің дүниежүзілік математикалық қоғамының VI Конгресі (TWMS-2017) өтеді. Конгрес Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінде ұйымдастырылады.

Халықаралық Түркітілдес елдердің дүниежүзілік математикалық қоғамының Конгресі дәстүрлі түрде үш жылда бір рет өткізіледі. Конгрестің негізгі мақсаты – халықаралық байланыстарды және түрік әлемі ғалымдарының ғылыми ынтымақтастығын кеңейту, математика ғылымын, математика және ақпараттық технологиялар ғылымдарының жетістіктерін ғылыми зерттеулерде қолдануын дамыту болып табылады. Түрік әлемі математиктері қоғамының Конгресінде теориялық және қолданбалы математиканың дамуының негізгі бағыттары анықталады, математика ғылымының дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар марапатталады. Түрік әлемі математиктері қоғамының конгресінде тек қана түрік әлемі елдерінің өкілдері ғана емес, сонымен қатар басқа елдердің алдыңғы қатарлы ғалымдары да шақырылады.

Түркітілдес елдердің дүниежүзілік математикалық қоғамының I Конгресі 1999 жылы Фират университетінде (Элазиг, Түркия); II Конгресс – 2007 жылы Сакаръя университетінде (Адапазары, Түркия); III Конгресс – 2009 жылы Әль-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде (Алматы, Қазақстан); IV Конгресс – 2011 жылы Баку университетінде (Баку, Әзірбайжан); V Конгресс – 2014 жылы Ыстық көл жағасында (Ыстықкөл, Қырғызстан) ұйымдастырылды.

VI Түрік әлемі математиктерінің қоғамының конгресі шеңбері негізінде шағын симпозиумдер (Minisymposium) және семинарлар (Workshop)

өткізіледі. Конгрестің жұмысы - Конгрестің жалпы пленарлық баяндамалардан, пленарлық баяндамалар ішкі шағын симпозиумдерден, секциялық ауызша баяндамалардан және қабырғалық баяндамалардан тұрады. Конгрестің хабарландырылған минисимпозиумдары мен семинарларының тізімі Конгрестің ресми сайтында жарияланады.

Конгрестің ресми сайты: <http://twms-astana-2017.kz/>.

Конгрестің ресми тілдері - ағылшын, қазақ және орыс тілі. Конгрестің басталуына дейін баяндамалардан тезистері дайындалады. Тезистерді рәсімдеу үлгісі Конгрестің ресми сайтында жарияланады.

Конгрестің таңдаулы жұмыстары Web of Science Thomson Reuters деректер базасына кіретін халықаралық «Eurasian Mathematical Journal» (Астана), «Eurasian Mathematical Journal of Mathematical and Computer Applications» (Астана), «TWMS Pure and Applied Mathematics» (Баку), «TWMS Applied and Computational Mathematics» (Баку), «Journal of Applied and Engineering Mathematics» (Стамбул) журналдарында жарық көреді. Конгрестің ұйымдастырушы комитеті Конгресс материалдарының жариялымдарын баспаға шығару үшін ғылыми журналдар шеңберін кеңейту жұмысын жүргізіп жатыр. Конгреске қатысушылары үшін қатысу жарнасы Конгрестің ресми сайтында жарияланады.

Түркітілдес елдердің дүниежүзілік математикалық қоғамының VI Конгресінің (TWMS-2017) ұйымдастыру комитеті Сізді осы Конгрес жұмысына қатысуға шақырады. Барлық қатысамын деушілерге Конгрестің ресми сайтына тіркелулеріңізді сұраймыз. Онда Сіз өзіңіздің баяндамаңыздың атын тіркеуіңізге, қатысу үшін шағын симпозиум немесе семинарды таңдауызға, өзіңіздің баяндама жасау формасын анықтауыңызға және баяндамаңыздың тезистерінің файлы бекітуіңізге болады.

Осы ақпараттық хатты барлық қызығушылық танытқан ғалымдарға жеткізулеріңізді сұраймыз.

Құрметпен,

Түркітілдес елдердің дүниежүзілік математикалық қоғамының VI Конгресі
Халықаралық бағдарламалық комитетінің төрағасы, Қазақстан
Республикасының ҰҒА академигі, түрік әлемі математиктері қоғамының
құрметті президенті Б.Т. Жумагулов

Халықаралық ұйымдастыру комитетінің төрағасы, профессор, түрік әлемі
математиктері қоғамының вице-президенті, (Қазақстан, Астана) Н.А. Бокаев

twms-astana-2017@math.kz